

Бородулиха ауданы Новошульба ауылдық округі Новошульба ауылының көшелерін қайта атап туралы

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы Новошульба ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 14 қарашадағы № 5 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 қарашада № 6282 болып тіркелді

З К А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, 2018 жылғы 29 қарашадағы Шығыс Қазақстан облыстық ономастика комиссияның қорытындысына сәйкес және халықтың пікірін ескере отырып, Новошульба ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Бородулиха ауданы Новошульба ауылдық округі Новошульба ауылының көшелері қайта аталын:

- 1) "Ленин" көшесін "Қазақстан" көшесіне;
- 2) "Советская" көшесін "Кенес Одағының батыры М. К. Меркулов" көшесіне;
- 3) "Союзная" көшесі "Согласия" көшесіне.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы Новошульба ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен бектілген тәртіпте:

1) осы шешімнің Шығыс Қазақстан облысының әділет Департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімнің мемлекеттік тіркелген күннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмелерін Бородулиха ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы шешім ресми жарияланғанынан кейін оны Бородулиха ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

округ әкімінің м.а.

К. Балықбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК